

Бекітемін:

«Құралай» мектепке дейінгі жеке меншік балабақшасының

Менгерушісі:

Баймолдина К.К.



Келісілді:

«Құралай» мектепке дейінгі жеке меншік балабақшасының

Әдіскері:

Конопьянова А.К.

«Құралай» мектепке дейінгі жеке меншік балабақшасының

Мектепалды даярлық тобына арналған

ұйымдастырылған іс – әрекеттің циклограммасы

2024 – 2025 оқу жылына

Тәрбиеші: Сыдыкова Д.С

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Қазан айы 2024жыл 2 апта

Күн тәртібінің кезеңдері	Дүйсенбі 07.10.2024	Сейсенбі 08.10.2024	Сәрсенбі 09.10.2024	Бейсенбі 10.10.2024	Жұма 11.10.2024
Балаларды қабылдау	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен келуіне жағдай жасау. Баладан қандай көңіл күймен келгенін сұрап, баланы жеке пікірін білдіруге тарту (сөйлеуді дамыту) . Сықирлы сандықты көрсетіп одан ертегілер әлемінен келген кейіпкерді алып таныстыру. Ертегі айтып беру және қуыршақ немесе үстел үсті театрын қолданып ойнауына жағдай жасау. «Апта дәйексөздері» - ақпараттық стендте Отаны бірдің жүрегі бір Жүрегі бірдің тілегі бір				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен, кеңес, әңгімелесу	Балалардың көңіл күйі, денсаулығы жайында ата-анамен әңгімелесу.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс- әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары. (бестемше, роботехника құралдары, шашка). Қазақстан Республикасының Әнұранын орындауы				
	Өнер орталығында өз бетінше сурет салу, суретті кітапшаларды бояу. Күй тыңдай отырып әрекет ету.	Құрастыру материалдарымен құрастыру ойындары, Кітап орталығында кітаптарды қарау, ертегілер айту	Толық аты-жөнін, тегін, ата- анасының, отбасы мүшелерінің аты-жөнін, балабақша, топ атауын, нөмірін айта білу, үйден балабақшаға дейінгі жолды анықтау туралы түсініктерін	Ата анасына отбасында қандай көмек көрсететіні жайында сұрау. Рөлдік ойын «Анаммен ас үйде» (Қарым-қатынас іс-әрекеті)	Табиғат бұрышындағы еңбек (бөлме өсімдіктеріне күтім жасау) Балармен жеке жұмыс. Табиғи материалдардан әр түрлі заттар құрастыру.

			қалыптастыруды жетілдіру; (танымдық іс әрекет)		(Танымдық, іс-әрекеті)
Ертеңгілік жаттығу	Қазан айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті) Өз орнына отыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту, ас қайыру.				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Шаттық шеңберін өткізу Видео арқылы көңілді күн әніне іс әрекеттер жасау. Күзгі еңбек деген не? тақырыбында балалармен жеке әңгімелер жүргізу. Бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдау, ережелер туралы келісу және т. б. (сөйлеуді дамыту)				
Ұйымдастырылған іс-әрекеттер	Дене шынықтыру <u>Жалпы дамытушы жаттығулар.</u> <u>Негізгі қимылдар:</u> <i>Жүру:</i> ересектің белгісімен тоқтап, қозғалыс бағытын өзгертіп, шашырап жүру; <i>Жүгіру:</i> жүрумен алмастыра отырып, 100-120 метр арақашықтықта жүгіру; <i>Секіру:</i> бір аяқпен	Музыка Көркем әдебиет «Еңбек» Мақсаты: еңбек туралы нақыл сөздерді таныстыру. Міндеттері: Мағынансын түсіндіру. Еңбегінен ел таныр. Еңбек адамның екінші анасы. Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның	Дене шынықтыру <u>Жалпы дамытушы жаттығулар.</u> <u>Негізгі қимылдар:</u> <i>Жүру:</i> ересектің белгісімен тоқтап, қозғалыс бағытын өзгертіп, шашырап жүру; <i>Жүгіру:</i> жүрумен алмастыра отырып, 100-120 метр арақашықтықта жүгіру; <i>Секіру:</i> бір аяқпен	Музыка Сөйлеуді дамыту «Еңбек және көмек» Мақсаты: сөздерінің айырмашылығы. Міндеттері: Ондағы іс әрекет туралы сөйлесу. Кітаптарды қарау. Түбірлес сөздерді жасау және қолдану біліктерін, етістіктерді жалғаулармен қолдану Сауат ашу негіздері Дыбыстар	Дене шынықтыру <u>Жалпы дамытушы жаттығулар.</u> <u>Негізгі қимылдар:</u> <i>Жүру:</i> ересектің белгісімен тоқтап, қозғалыс бағытын өзгертіп, шашырап жүру; <i>Жүгіру:</i> жүрумен алмастыра отырып, 100-120 метр арақашықтықта жүгіру; <i>Лақтыру, қағып алу,</i>

және қос аяқпен құрсаудан құрсауға секіру (арақашықтықтығы 40 сантиметр), алға айналдыра отырып, ұзын және қысқа секіргіштен секіру <i>Лақтыру, қағып алу, домалату: 2–2,5 метр</i> арақашықтықтағы нысанаға құм салынған қапшықты, асықты лақтыру <u>Қимылды ойын:</u> Аюлар мен аралар	тіленбей. Еңбек бәрін жеңбек. Балаларды дауыс ырғағымен мәнерлей оқи отырып, үзілістермен жаттауға, балалардың мақал мазмұнына деген қатынасын беруге, тілдік бейнелілігін сезінуге баулу. Сауат ашу негіздері Сөздердің мағынасы Мақсаты: Әрбір сөздің мағынасы болатыны туралы түсінік қалыптастыру, сөздің мағынасына қызығушылыққа баулу. Міндеттері: Кез келген сөзді атау. Оның мағынасын түсіндіру. Менің есімімнің мағынасы қандай? Балаларға сұрақ қою арқылы өз есімдерінің мағынасын түсіндіру. Қаламды немесе қарындашты дұрыс ұстауға үйрету. Сурет салу Мүсіндеу	және қос аяқпен құрсаудан құрсауға секіру (арақашықтықтығы 40 сантиметр), алға айналдыра отырып, ұзын және қысқа секіргіштен секіру <i>Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру:</i> сапқа бір, екі, үш қатармен тұру, сап түзеп, бір және екі, үш қатармен қайта тұру. <u>Қимылды ойын:</u> Кім жылдам жалаушаға жүгіреді? <u>Спорттық жаттығулар:</u> Спорт түрлерімен таныстыруды жалғастыру. Сауат ашу негіздері Менің есімімнің тарихы Мақсаты: Әрбір сөздің мағынасы болатыны туралы	Мақсаты: Сөздерді дыбыстардың бірізділігін белгілеуге үйрету. Міндеттері: Қатаң және ұяң дауыссыз дыбыстарды ажырата білуге үйрету; қаламды немесе қарындашты дұрыс ұстауға үйрету. Қоршаған ортамен таныстыру Табиғат қорғаушылары. Мақсаты: Табиғатқа қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу Міндеттері: Табиғат бұрышын мекендеушілер туралы білімдерін жетілдіру. Тәрбиеші көмекшісінің еңбегімен танысу, оған көмек көрсетіп, еңбек етуді ұйымдастыру.	<i>домалату: 2–2,5 метр</i> арақашықтықтағы нысанаға құм салынған қапшықты, асықты лақтыру <i>Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру:</i> сапқа бір, екі, үш қатармен тұру, сап түзеп, бір және екі, үш қатармен қайта тұру. <u>Қимылды ойын:</u> Осылай етіп жасайық <u>Спорттық жаттығулар:</u> Спорт түрлерімен таныстыруды жалғастыру. Көркем әдебиет «Еңбекпен тапқан тиын». (грузин ертегісі). Мақсаты: ертегі мазмұнын түсіндіру. Міндеттері: Оқып беру. Сюжеттік бірізділікті сақтай отырып, көңіл-күймен, қисынды мазмұндауға үйрету;
--	--	--	--	--

Дыбыстардың нақты артикуляциясын, интонациялық мәнерлігін қалыптастыру Математика негіздері «Уақыт ұғымдары» Мақсаты: уақыт туралы білімдерін бекіту. Міндеттері: Таңертең, түс, кеш, түн мезгілдері тәулікті құрайтыны туралы ұғымдарын қалыптастыру. Қай уақытта еңбек ету керек, қай уақытта демалу керектігі туралы ақпарат беру. Карточкалармен жұмыс. Күн тәртібіндегі іс әрекеттерді дұрыс ретімен қойып шығуды үйреу. Қоршаған ортамен таныстыру «Еңбек» Мақсаты: Табиғат	Дыбыстардың нақты артикуляциясын, интонациялық мәнерлігін қалыптастыру Жапсыру, құрастыру Еңбек иелері бір қалада. Мақсаты: Ұжымдық жұмыс жауды қалыптастыру. Міндеттері: бейнелерді бүкіл параққа, бір сызықтың бойына, жалпақ жолақшаға орналастыру біліктерін қалыптастыру. Бейненің ерекше қасиетін, адамның қимылын анық көрсетуге, сырт келбетін әдемі безендіруге үйрету. Жапсыруларды құрастыру барысында объектілердің көлемі бойынша қатынасын, заттардың бөліктерінің пішінін, құрылымын, қатынастарын көре білу іскерліктерін меңгерту. Құрастыру ойыншықтарымен ойын	түсінік қалыптастыру, сөздің мағынасына қызығушылыққа баулу. Міндеттері: Есімдер тарихы альбомын жасау. Ата анасының, бауырларының есімдерінің мағынасын түсіндіру, альбом жасау. Қаламды немесе қарындашты дұрыс ұстауға үйрету. Қазақ тілі «Ертегілер елінде» Міндеттері: Таныс немесе бейтаныс ертегілер мен шағын көркем шығармалардың мазмұнын иллюстрациялар бойынша қайталап айтуға үйрету. Күнделікті сөз айналымына жаңа сөздерді қосу. Математика негіздері «Уақыт»			Қазақ тілі «Алтын қоржын» Мақсаты: Сөздік қорын зат есімдермен, етістіктермен, сын есімдермен, сан есімдермен, үстеулермен, жұрнақтар және жалғаулармен байыту; Міндеттері: еңбек иегерлерінің заттарымен танысу. Күнделікті сөз айналымына жаңа сөздерді қосу. Математика негіздері «Уақыт» Мақсаты: Циферблат бойынша уақытты анықтауды үйрету. Міндеттері: Карточкалармен жұмыс. Дидактикалық ойын «сағатта қай сан жоқ» сандарды жасырып, қай сан екенін сұрау. тік және көлбеу таяқшаларды, қисық және сынық
--	--	--	--	--	---

	аясында болғанда экологиялық мәдениет ережелерінің бастапқы дағдыларына тәрбиелеу. Міндеттері: Балабақша қызметкерлерінің еңбектерімен танысу.		Міндеттері: Апта күндерін, айларды, жыл мезгілдерін атау кезінде оларды ретімен дұрыс айта білуге дағдыландыру. Карточкалармен жұмыс. тік және көлбеу таяқшаларды, қисық және сынық сызықтарды дәптердің тор көзіне сызуға үйрету.		сызықтарды дәптердің тор көзіне сызуға үйрету.
	Оларға немен көмектесе алатындарын айтып, көмектесу				

Серуенге дайындық	Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, ойын құрал-жабдықтады дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).				
Серуен	Табиғи және қалдық материалдардан үйшік құрастыру (Зерттеу іс әрекеті) Күзгі бақта еңбек етіп жатқан диканшылардың суретін бояу (бейнелеу іс-әрекеті) Еңбек құралдарын ермексаздан мүсіндеу (Шығармашылық іс-әрекет) Еркін ойындар Ұлттық ойын «асық ойыны» «Жас метеоролог» іс әрекеті. Метеоалаңдағы бақылаулар. (Танымдық, эксперименталдық	Ағаштардан түскен бұталарды жинап, салыстыру. "үлкен – кіші", "үлкенірек – кішірек" «Енді, еңсіз» деген сөздерді қолдануды үйрету. (танымдық, зерттеу іс-әрекеті) Бұталар қалай пайда болады тақырыбында әңгімелесу. Бақташы ағаймен әңгімелесу. «Өнегелі 15 минут» - балалардың ересектермен емін-еркін қарым-қатынас жасауын ұйымдастыру. (Қарым-қатынас іс-әрекеті) Құрылыс материалдарынан ғажайып қалалар құрастыру (Зерттеу іс әрекеті)	Бақылау. Мақсаты: Аулада өсетін өсімдіктердің жаңа түрлерімен таныстыру: атауы, сыртқы түрі, құрылысы, күтім жасау тәсілдерін үйрету. (еңбек іс-әрекеті) Еркін ойындар Қимылды ойын «Сақина жасыру» «Жас метеоролог» іс әрекеті. Метеоалаңдағы бақылаулар. (Танымдық, эксперименталдық іс-әрекет)	Түзу, ирек, жіңішке, жалпақ сызықтарды, түрлі көлемдегі дөңгелектерді, жақпаларды, нүктелерді ырғақты орналастыра отырып, қарапайым пішіндерден анасының алжапқышына өрнектерді салу. (Бейнелеу іс-әрекеті) Анамның алжапқышына геометриялық элементтерден өрнек құрастыру. (Шығармашылық іс-әрекеті) Еркін ойындар Қимылды ұлттық ойын «Хан талапай»	Бақылау. Мақсаты: Балабақша аумағында мекендейтін жануарлар мен олардың төлдеріне тән белгілерді атай алу және ажырату дағдыларын қалыптастыру; табиғатқа қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу. табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру (зерттеу, еңбек іс-әрекеті) Еркін ойындар Қимылды ойын «Ақсерек көксерек» «Жас метеоролог» іс әрекеті. Метеоалаңдағы бақылаулар. (Танымдық, эксперименталдық

	іс-әрекет)	Еркін ойындар Ұлттық ойын «Ақсерек көксерек»			іс-әрекет)
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау (көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).				
Түскі ас	Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу» Табиғи ресурс суға ұқыпты қарауды, үнемді жұмсауды үйрету. Кезекшілердің жұмысы (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою) Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану , сөйлеспеу, алғыс айту) (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)				
Күндізгі ұйқы	Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастыру. Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Шалқан, мақта қыз бен мысық ертегілерін оқып беру. Электронды құрылғыдан ертегі тыңдату. (көркем әдебиет)				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Өз орындарында отырып керілу, тыныстау жаттығуларын жасату. Ригалық әдіс бойынша сауықтыру. (дене жаттығулар мен белсенділігі) Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың шаштарын тарауға үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар).				
Бесін ас	Кезекшілердің жұмысы (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою, соңынан жинау) Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәденетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)				

Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Кітаптар қарау, кітаптағы ертегілерді суреттеріне қарап бір біріне айтып беру. (Қарым-қатынас іс-әрекеті) Құрастыру құралдарынан суреттерге қарап әр түрлі құрылымдар құрастыру. (танымдық іс-әрекет)	Кітаптар қарау негізінде еңбек туралы нақыл сөздердің сәйкес келетін бейнелерін табу, неге олай ойлағанын айтып беруін үйрету (Қарым-қатынас және танымдық іс-әрекет)	Еңбек иелеріне арнап ашық хат жасау (Шығармашылық іс-әрекет) «Қауіпсіздік ережелері» телефон, компьютер, теледидар, радионың қызметтерімен, оларды қолданудың бірнеше қарапайым ережесі туралы білімдерін бекіту. Бір біріне техникалардың қандай түрлерін білетінін және оларды қалай қолданатынын айтып беруін ұйымдастыру. (Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет)	Күз бейнесі бар пазлдарды жинау, логикалық ойын тапсырмаларын робототехника арқылы орындау (Танымдық, зерттеу іс-әрекет)	Еңбек құралдарына қарап суретін салу (Бейнелеу іс-әрекеті) Тұзды қамырдан еңбек құралдарын жасау (Шығармашылық іс-әрекеті) «Күй күмбірі» - балалардың шығармашылық дағдыларды қалыптастыру қабылдау барысында және үнемі күй қою, шығармашылық зерттеу іс әрекет дағдыларын дамыту, музыканы тыңдауға қызығушылықты қалыптастыру, музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдау, ұлттық мәдениетті түсінуге, құрметтеуге, қызығушылығын артыру
Балалармен жеке жұмыс					
Серуенге дайындық	Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен				

	жоспарлау. (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).
--	--

Балаларды үйге қайтару	«Өнегелі 15минут» Ата-аналардың баласымен мінез-құлық және адамгершілік туралы әңгімелесу	«Өнегелі 15минут» Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатыркамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	«Өнегелі 15минут» - үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет студия алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замансыз, белдеушесіз.	«Өнегелі 15минут» Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатыркамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	«Өнегелі 15минут» - баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп баланызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейірімінзді көрсетіңіз. Балаңыздың көзінше мектеп туралы өзінзді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз.
------------------------	--	---	---	---	---

Тексерген: Конопьянова А.К

